

"Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 22 қарашадағы № 652 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қарашада № 30860 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 399 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11312 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптарын айқындау және қайта қарау қағидаларында:

2-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жаңа үйлердің, құрылыстардың және ғимараттардың немесе кеңейтуден (реконструкциялаудан, күрделі жөндеуден) өткен қолданыстағы үйлердің, құрылыстардың және ғимараттардың энергия тиімділігі сыныбы туралы ақпарат салынған және пайдалануға берілген объектінің техникалық паспортының не объектіні пайдалануға қабылдау актісінің деректеріне сәйкес қабылданады және олар пайдалануға берілген сәттен бастап бес жыл ішінде жарамды болып табылады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қолданыстағы үйлердің, құрылыстардың және ғимараттардың энергия тиімділігі сыныбы жүргізілген энергия аудитінің қорытындылары бойынша айқындалады және энергия аудиті жүргізілген кезден бастап бес жыл ішінде жарамды болып табылады.";

қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2022 жылғы 22 қарашадағы
№ 652 Бұйрыққа
қосымша
Үйлердің, құрылыстардың,
ғимараттардың энергия
тиімділігі сыныптарын
айқындау және қайта қарау
қағидаларына қосымша

Кесте

Ғимараттардың энергия тиімділігі сыныптары

№ р/с	Энергия тиімділік сыныбының белгіленуі	Энергия тиімділігі сыныбының атауы	Ғимаратты жылытуға және желдетуге арналған энергия тиімділік көрсеткішінің есептік (нақты) мәнінің нормативтік мәнінен ауытқу шамасы, %
1	A	өте жоғары	-51-ден төмен
2	B	жоғары	-16-дан-50-ге дейін
3	C	қалыптыдан жоғары	-6-дан -15-ке дейін
4	D	қалыпты	от -5 +5-ке дейін
5	E	қалыптыдан төмен	+6-дан +15-ке дейін
6	F	төмен	+16-дан +50-ге дейін
7	G	өте төмен	+51-ден жоғары

